


*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*


№4 2020

*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



Мырзахметұлы М. Абайтану, 1-том. Абайтану тарихы (қазақ тілінде). - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 488 бет.

Белгілі абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметұлы дайындаған «Абайтану» сериясының алғашқы томында ұлы Абай мұрасының зерттелуі мен Абайтану тарихының қалыптасу жағдайы нақтылы кезеңдерге бөлініп сипатталған. Бір ғасыр бедеріндегі ақын мұрасын танып, бағалау жолындағы жетістіктер мен кемшіліктер бүгінгі күн тұрғысынан таразыланады.



Мырзахметұлы М. Абайтану, 2-том. Мұхтар Әуезов және абайтану мәселелері (қазақ тілінде).- Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 352 бет.


«Абайтану» сериясының екінші томына филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының көп жылдар бойы терең зерттеу нәтижесінде жазған «Мұхтар Әуезов және Абайтану мәселелері», «Абай және Әуезов» атты тұжырымдамалық еңбектері мен оның құрастыруындағы «Абайды оқы, таңырқа» атты хрестоматия енгізілген.



Мырзахметұлы М. Абайтану, 3-том. Мұхтар Әуезов. Абайтану дәрістерінің дереккөздері (қазақ, орыс тілдерінде).-Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 464 бет.

Мұхтар Әуезовтің Абайтану саласындағы ғұмыр бойғы ізденістері екі салада қатар жүргізілді: оның ұлы ақын мұрасын ғылыми негізде тану бағытындағы зерттеулері жиырма жылға жуық мерзімді қамтыса, Абайдың көркем бейнесін әр түрлі жанрда сомдауға он екі жыл өмірін арнады. «Абайтану» сериясының үшінші томына еніп отырған бұл кітапта абайтанудың негізін салу жолындағы Әуезовтің мол мұрасы оқырман қауымға жүйеленіп берілді.


Бұл том 1997 жылы «Санат» баспасынан шыққан қалпында өзгеріссіз жарияланып отыр.



Мырзахметұлы М. Абайтану, 4-том. Абай және Шығыс (қазақ тілінде). - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 320 бет.

Абай шығармашылығының тарихи тамырын тану мәселесі соңғы кезге дейін жалпылама тұрғыда сөз болып, тереңдеп зерттелмей келді. Ұлы ақын нәр алған рухани үш бұлақтың бірі — Шығыс мәдениеті.

Заңғар ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Абай және Шығыс», «Абай және сопылық ілім» атты зерттеулері енген бұл томда Абайдың Шығыс мәдениетіне қарым-қатынасы ғылыми тұрғыдан жүйеленіп баяндалады. Абайдың адамгершілік мұраттарына талдаулар жасалып, ақындық кітапханасы жайлы мәселе арнайы сөз болады.




Мырзахметұлы М. Абайтану, 5-том. Толық библиографиялық көрсеткіш (қазақ, орыс тілдерінде).- Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 592 б.

Қазақ әдебиетінің ұлы классигі Абай Құнанбаевтың туғанына 140 жыл толуына орай жасалған бұл көрсеткіш ақын мұрасы жөнінде жазылған 1889-1985 жылдар аралығында жарық көрген деректер көзін тақырыптық жүйеде тұтас қамтиды.


Библиографиялық көрсеткіш негізінен қазақ, орыс тіліндегі деректерді қамтуы себепті, екі бөлімге жіктеліп берілді. Әрбір оқырман іздеген дерегін белгілі бір тақырып желісінде тез тауып алуына қолайлы болуы үшін, әр бөлім негізінен 60-тан астам тақырып аясына шоғырландырылды.

Кітаптың екінші бөліміне Абайдың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы хронологиялық көрсеткіш енгізілді.



Мырзахметұлы М. Абайтану, 6-ТОМ. Восхождение к Абаю (на русском языке). - Алматы: Издательство «Қазығұрт», 2020. - 352 стр.


Данное исследование посвящено актуальным и малоизученным аспектам абаеведения, а именно: принципам составления творческой биографии Абая, установлению реальных истоков его поэтического творчества, методике текстологических исследований, проблеме отношения произведений поэта к классическому Востоку, литературному окружению. Эта проблематика рассматривается в свете фундаментальных научных работ писателя-академика М.Ауезова, которые являются итогом многотрудных длительных поисков ученого-энциклопедиста по созданию абаеведения.



Мырзахметұлы М. Абайтану, 7-том. Тараз ой-толғаныстары (қазақ тілінде). - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 368 б.

Заманымыздың заңғар ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы абайтану ғылымының қалыптасу және даму кезеңдерін ғылыми түрде жүйелеп, Абай мұрасының барынша терең әрі жан-жақты зерттелуіне зор үлес қосып келеді.

«Абайтану» сериясының 7-ші томына енгізіліп отырған «Тараз ой-толғаныстары» атты кітап автордың қоғамдағы күрделі мәселелерге қатысты өзіндік көзқарасын танытатын ойлы мақалалардан құралған.




Мырзахметұлы М. Абайтану, 8-том. Түркістанда туған ойлар (қазақ тілінде). - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 392 б.

«Абайтану» сериясының 8-ші томына енген «Түркістанда туған ойлар» атты бұл еңбегінде белгілі әдебиетші-ғалым, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлы ежелден түркі халықтарының алтын бесігі саналған Түркістанның әлем халықтарының мәдени, ғылыми, тарихи өміріне жасаған ықпал әсері туралы кең де пайымды әңгіме қозғайды.

Шығыс пен Батыс елдерінің озық мәдени үлгілері Тұран жеріне қандай арналар арқылы таралғанын зерделеу, ел тағдырына қатысты танымдық, философиялық толғаныстар, жер тарихы, отаршылдық топонимдер, тарихи тұлғалар туралы ғалымның тың ой-пікірлері кітап мазмұнына арқау болған.


Сонымен қатар осы томға «Жүрегіңнің түбіне терең бойла» атты тақырыппен ұлы Абайдың ақындық қыры мен азаматтық болмысын аша түсетін әдебиет алыптарының ой-пікірлері мен өлеңдері енгізілді.



Мырзахметұлы М. Абайтану, 9-том. Түркістан - Тараз арасы (қазақ тілінде).- Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 376 б.

«Түркістан–Тараз арасы» деп аталатын бұл томға абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының ұлы Мұхтар Әуезов пен данышпан Абайдың шығармашылық мұралары төңірегіндегі ой-толғаныстары, жекелеген тарихи тұлғалардың азаматтық болмысын сипаттайтын көлемді зерттеулері, ұлттық идеологияны қалыптастыруға байланысты көзқарастарын ұсынған мақалалары топтастырылған.

Зерделі ғалымның қоғам алдындағы абырой-беделін айшықтайтын замандастары мен шәкірттерінің жүрекжарды тілек-лебіздері де осы томнан табылады.




Мырзахметұлы М. Абайтану, 10-том. Абайдың адамгершілік мұраттары (қазақ тілінде). - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. - 340 б.

Мекемтас Мырзахметұлының көп жылдық зерттеулері қамтылған бұл еңбекте Абайдың адамгершілік туралы көзқарастары, ежелгі шығыс ойшылдарымен пікір сабақтастығы жайлы ғылыми деректер қорытылып, талданады. Сондай-ақ, ұлы ақын мұрасын танудағы негізгі бір сала – шығармаларының бұрынғы-соңды басылымдары, ондағы текстологиялық мәселелер, жалпы абайтанудың бүгінгі жайы сөз болады.


Бұл кітапта хакім Абайдың «Толық адам» ілімі – жаңа таным жолы ретінде қарастырылады. Автор Абай танымын қазіргі заманға сай көзқараспен саралап, соны тұжырымдар ұсынады.

Абай шығармаларының тілдік ерекшеліктерін екшелеген «Абай лұғаты» зерттеуі де осы томға енгізілді.




Сандыбаев Ж. Бақытқа жету жайында / Араб тілінен аударған және түсініктеме берген философия ғылымдарының кандидаты Ж. Сандыбаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 68 б.

Қазақ даласынан шығып, халқымыздың мақтанышына айналған әл-Фараби бұл трактатта адамның бақытқа жетуі үшін қажетті теориялық, ойшылдық және этикалық ізгіліктермен қатар практикалық ғылымдармен таныстырады. Ғалым қоғамдағы және жалпы адам өміріндегі тәлім мен тәрбиенің маңызын түсіндіреді, «кемел адам», өмірдегі «асқақ мақсат», «үлгілі басшы», «имам», «шынайы философ» т.б. секілді тұжырымдарын жан-жақты зерделейді. Ең маңыздысы, данагөй ғалым өзінің «Мемлекетті басқаруы тиіс тұлға, ол - шынайы философ» деген мәшһүр концепциясын осы трактатта баяндаған.




Сандыбаев Ж. Ғылымдардың жіктелуі туралы / Араб тілінен аударған және түсініктеме берген философия ғылымдарының кандидаты Ж. Сандыбаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 64 б.

Қазақ даласынан шығып, халқымыздың мақтанышына айналған әл-Фараби бұл трактатында сол дәуірдегі белгілі ғылымдарды жіктеп көрсетеді: тіл білімі, логика, арифметика, геометрия, оптика, астраномия, музыка, поэзия, шешендік өнері, механика, физика, теология, саясат, фикһ, кәлам және т.б. Орта ғасыр ойшылы бұл ғылым мен білімдердің әрқайсысына жеке тоқтап, сипаттама береді, оларға қарасты білім тармақтары мен бөлімдерге талдау жасайды.




Досым Омаров. Абай мұрасын қолдану жолдары. - Алматы: 2020. - 352 бет.

Кітапта Абай мұрасын өмірде қолдану жолдары беріледі. Абай ілімі аясында адамзат өркениетінің құлдырауы, Кеңес Одағының ыдырау себептері, бүгінгі өтпелі кезеңнен шығу жолдары көрсетіледі. Рухани жаңғыру мәселесі сараланып, қазақтың ұлттық кодының қалыптасуы, білім алу сырлары, адам өмірінің түпкі мақсаты мен жету жолы беріледі. Абайдың «толық адам» ілімі талқыланып, қазақтың ұлттық идеясы ұсынылады.




Қазақстан Республикасының Конституциясы - Конституция Республики Казахстан - The Constitution of the Republic of Kazakhstan. - Нұр-Сұлтан: Регис-СТ Полиграф, 2020. - 420 б. - Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

Конституция – Қазақстан Республикасының Негізгі Заңы. Биыл оны қабылдағанымызға жиырма бес жыл толып отыр. Қазақстан Республикасы Конституциясының осы басылымы айтулы күнге орай шығарылды. Кітап-альбом тамаша суреттермен безендіріліп, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген барлық бап кірді.




Фарабитану: оқу құралы/ Ж. Алтаев, Ә. Құранбек, Л. Асқар [және т.б.]; жалпы ред. басқ. Ж. Алтаев.- Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 140 б.

Оқу құралында әлемдік өркениеттің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің, философиялық мұраларындағы терең өмірлік даналық, гуманизм және энциклопедиялық ғылыми ілімі қарастырылады. Ойшылдың өмір сүрген дәуірі, «Екінші ұстаз» дүниетанымын қалыптастырған тарихи жағдайы туралы егжей-тегжейлі баяндалып, әл-Фараби философиялық мұрасының отандық философиялық және ғылыми ойға ғана емес, сонымен қатар мұсылман, еуропалық өркениеттерге қосқан үлесі туралы айтылады.



Абдрасилова Г. Шәкәрім философиясы / Г. Абдрасилова. - Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 130 б.

Оқу құралында Қазақ философиясының көрнекті өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық дүниетанымының тарихи-мәдени негіздері, теориялық өзектері, философиялық антропологиясы, таным, ғылым-білім, ерік бостандығы мәселелері және ойшыл армандаған адам мұраты қарастырылды. Оқу құралының негізіне автордың 1998 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясы алынды.



Жандосов Ораз Қиқымұлы: [Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт мәдениетінің жанашыры Ораз Жандосовқа арналады. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, 2020. - 224 б. [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия].


Кітапқа Қазақстанның қоғамдық-саяси және экономикалық дамуына қомақты үлес қосқан белгілі қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың туындылары мен оның қызметіне қатысты құжаттық материалдар, естеліктер және ғылыми мақалалар топтастырылып отыр.


Тілекқабыл Боранғалиұлы. Жәңгір хан. Алматы. «Абзал-Ай» баспасы, 2020. - 448 бет.

Тарихнамадағы тұғырлы да таласты тұлға Жәңгір Бөкеевтің қазақ қоғамындағы алар орны негізінен өмірінің тек бір тұсымен - Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісімен байланысты айтылып-жазылады. Ал 22 жыл тақ иеленген кезіндегі қайраткерлігі мен өнегелі істері назардан шет қалады.

Кітапта өз ордасының іргесін бекемдеудегі Жәңгірдің жеке-дара күресі, Ресей патшаларымен, губернаторлармен қарым-қатынасы белгілі де беймәлім деректер арқылы ашып көрсетіледі. Жәңгір ханның ұлты үшін сіңірген еңбегі - тұңғыш мектеп ашу, жастарды Ресейде оқыту, астана салу, дәстүрлі заң ережелерін жазу оқиғалары тартымды әңгімеленеді.

Кітаптың құрылымы ғұмырнамалық тізбе емес, оқиғалық қатарға негізделген. Әбілқайыр - Нұралы - Бөкей - Жәңгір әулеттік жалғасы, отбасының, ұл-қызының тағдыры туралы сыр шертеді. І Александр, І Николай патшалармен, Гумбольдт, Қазымбек, Гебель сынды әйгілілермен таныстығы қызықты хикаялармен өрбиді.






Балғабәев С. Ауыл мен Алматы: Үш томдық шығармалар жинағы / Сұлтанәлі Балғабәев. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2020.-Т.3: Әңгімелер, повестер, өлеңдер. - 384 б.

Көрнекті қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби және Қазақ ПЕН-клубы сыйлықтарының лауреаты Сұлтанәлі Балғабәевтың прозалық таңдамалы туындыларының 1-2 томдары 2016-2017 жылдары жарық көрген болатын. Ал биылғы жылы 3-томы («Ауыл мен Алматы») ұсынылып отыр.

Бұл жинақтағы шығармаларында қаламгер өзі туып-өскен ауылы мен ұзақ жыл тұрып келе жатқан Алматы қаласының адамдарының тағдыр-талайы туралы сыр шертеді. Сондай-ақ, адамзат бойындағы ең асыл сезім – махаббат туралы терең толғаныстарымен оқырмандарымен ой бөліседі.

Жинаққа енген шығармаларының тілі құнарлы, көркем сөздерге, оралымды ой-тіркестерге бай, оқырманның тұщынып та, түсініп те оқуына жеңіл.



Құрманғалиқызы Ә. Сын түзелмей... Сын-сараптамалар / Әмина Құрманғалиқызы. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2020. - 384 б.

Бұған дейін оқырманға «Біз де қайттық өмірдің базарынан» эссе-естеліктер жинағы, «Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын» роман-шежіре, «Әулет пен нәубет» тарихи романы, «Жарығым-ай» өлеңдер жинағы, «Сатира – сынның жиені» атты сатиралық топтамасымен таныс автордың бұл кітабына соңғы жылдары әдебиет әлемін елең еткізген сын-сараптамалары еніп отыр.

Сын жанрын таптаурын болған сарізділіктен, жалаң мақтаулар мен үстірт шолулардан, дерексіз, дәйексіз жалпыламалықтан арылтып, нақтылыққа және қаламгердің ешкімде қайталанбайтын даралығын ашуға негізделген.



Құрманалин С.Б. Кіші жүз және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1847-1858жж.) / Монография - Орал: «Полиграфсервис», 2019. - 256 б.

Монографияда ХІХ ғасырдың 40-50 жылдарындағы патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы шыққан қазақжамағатының күресінің заңдылығы айқындала түседі. Бірыңғай тарихи құбылыс болған, ХVІІІ ғасырдың ортасынан басталып, ХХ ғасырдың басына келіп тірелген, одан әрі «Алаш азаттығы» феноменін қалыптастырған, тіпті ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының аяғынан 1986 жылға дейін созылған, осыншалықты ұзақ дәуірге жеткен азаттық күресінің тарихындағы атақты батыр, даңқты би Есет Көтібарұлы бастаған ұлттық қозғалыстың шежіресі баяндалады.




Қоңыратбаев О.М. Тұрар және Түркістан. Зерттеулер. Ғылыми басылым. -Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2019. - 424 бет.

Кітапта көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі тың архив құжаттары негізінде жан-жақты ашып көрсетілген.

Асан Ж.


«Едіге» эпосы – түркі халықтарына ортақ мұра: Монография. - Ақтөбе, 2020. - 360 бет.



Алпыс нұсқалы «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосы – бүгінгі таңда орыс, неміс, ағылшын тілдеріне аударылып, дүние жүзіне тегіс мағұлым болған түркі халқының ортақ асыл қазынасы. Ал оның басты қаһарманы Едіге – есімі ел есінде сақталып, ақылдылық пен қайырымдылықтың үлгісі есебінде жырларға қосылып, түркі халықтарының қасиетті әулие адамына айналған тұлға. Монография осы әйгілі эпосты зерттеуге арналған. «Едіге» эпосы фольклортанудың, эпостанудың соңғы теориялық-әдістемелік тұжырымдары тұрғысынан зерделенді.

Эпостың қарақалпақша нұсқасының неміс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары 2007 жылы белгілі неміс ғалымы Карл Райхлдің аудармасымен, ал ноғай нұсқасы 2012 жылы ағылшын тіліне Давид Ханттың аудармасымен Еуропа фольклортанушыларына кеңінен мәлім болды. Белгілі ғалым Д. Хант «Едіге» эпосын әлем мәдениетінің асыл қазыналарының бірі деп бағалады.


Монографияның көп бөлігі халықаралық конференцияларда талқыланып, баспасөз беттерінде, отандық және Түркия, Англия, Польша, Чехия, Болгария, Ресей, Өзбекстан, Қытай елдерінің ғылыми басылымдарында, интернет сайттарында жарияланып, ғылыми-көпшілік ортада жоғары бағаланды.



Абенова Б.С. Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты (1868-1891 жылдар). Монография. «Жұбанов кітапханасы» сериясы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. - 398 б.

Монографияда жаңа құжаттық материалдардың және объективтік зерттеу принциптерінің негізінде Ресей үкіметінің «Далалық облыстарды басқару жөніндегі Уақытша ережені» Орынбор өлкесіне енгізу бағытындағы саясаты және әкімшілік реформаның қазақ қоғамына тигізген зардаптары талданады. Орынбор өлкесі империялық биліктің отарлық әдістерін қолдану объектісі ретінде қарастырылады. Әкімшілік реформаның және империялық Ресейдің аймақтық саясатының отарлық мәні ашып көрсетіледі.

Мәселенің деректік және тарихнамалық деңгейін нақтылау мақсатында монографияда архив қорларынан алынған қолжазбалар мен тарихи құжаттар және орыс зерттеушілері мен әкімшілік чиновниктерінің кейбір еңбектері қосымшалар ретінде берілді.



Бермағанбет С.Ж. Діни-ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының әдеби мұрасы. Монография. /«Жұбанов кітапханасы» сериясы.- Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. - 128 б.


Талантты ғалым С.Ж. Бермағанбеттің бұл монографиясында ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақтың көрнекті ақыны Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының шығармашылық мұрасы жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыда зерделенген. Зерттеуші бұрын замана ыңғайына қарай айтылмай келген ақын шығармашылығына қатысты көптеген тың деректерді тауып, Әбубәкір поэзиясының идеялық маңызын, көркемдік ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы көрсете алған.

Ұстаз, Филолог, С.Ж.Бермағанбет «Аймақтық әдебиеттану мәселелерін» ғылыми айналымға қосқан зерделі зерттеуші еді.




Смағұлова А.С. Дәстүрлі қазақ әдет-ғұрып құқығындағы азаматтық қатынастардың құқықтық реттелу ерекшеліктері. Монография / «Жұбанов кітапханасы» сериясы - Ақтөбе, «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж. - 440 б.

Бұл монографиялық зерттеу еңбек қазақ әдет-ғұрып құқығындағы ежелден қалыптасқан азаматтық қатынастардың дәстүр-салттармен байланысты даму ерекшеліктерін ескере отырып қарастырылған. Қазақ қоғамындағы меншік, неке-отбасы, мұрагерлік, міндеттемелік қатынастардың қазақ қоғамына тән ерекшеліктерін бұрын қолданысқа түспеген тың мұрағаттық құжаттар мен статистикалық, анықтамалық деректер және заңнамалық актілер негізінде қазақ көшпелі қоғамындағы азаматтық қатынастардың даму эволюциясын көрсетеді. Автор азаматтық қатынастарды реттестіру механизмдерін саралау арқылы бұл институттардың қазіргі таңдағы нарықтық экономикаға сай тиімді тұстарын айқындайды. Зерттеу еңбекте азаматтық қатынастардың адамгершілікке, әділдікке, адалдыққа, ізгілікке негізделген тұстары айқын көрсетілген бірегей еңбек.




Төребаева К.Ж. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері. Монография / «Жұбанов кітапханасы» сериясы. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. - 288 бет.

Монографиялық еңбекте жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие берудің теориялық – әдіснамалық негіздері, ұлттық тәрбие беру жолдарының мазмұны баяндалған.



Аман Ә.Б. Батыс Қазақстанның ауыл халқы: тарихи- демографиялық аспект (XX ғасырдың 20-80 жылдары). Монография. /«Жұбанов кітапханасы» сериясы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. - 216 бет.

Монографияда XX ғасырдың 20-80 жылдарындағы Қазақстанның батыс өңірін мекендеген ауыл халқының демографиялық даму мәселелері, халық санының, табиғи және көші-қондық өсімінің, ұлттық және әлеуметтік құрамы мен жыныстық-жастық құрылымының өзгеру ерекшеліктері және оған ықпал етуші факторлар мұрағаттық құжаттар мен статистикалық деректердің негізінде зерделеніп, кеңінен ашып көрсетілді.



Сергеева А.М., Кусаинов Х.Х. Агротуризм мен экотуризмді жергілікті аумақта ұйымдастыру мәселелері (Ақтөбе облысы мысалында). Монография / «Жұбанов кітапханасы» сериясы. - Ақтөбе, «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019 ж. - 240 б.

Ғылыми басылым ретінде монографияда агротуризм мен экотуризм бағытында соңғы жылда жүргізілген зерттеулер негізінде агротуристік іс-әрекеттерді ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданып, сараланып, Ақтөбе облысында жүргізілген зерттеу материалдары ұсынылды. Агротуризмнің тұрақты даму тұжырымдамасының негізі болып саналатын ғылыми деректер зерттеулер барысында тұжырымдалған.




Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. Оқу құралы. «Жұбанов кітапханасы» сериясы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. - 354 бет.

Оқу құралында қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің тарихи қалыптасып, даму жолдары шартты белгіленген кезеңдер бойынша жан-жақты, жүйелі мазмұндалады және бүгінгі педагогикалық теорияны жетілдірудегі дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің мәні, мазмұны және өзіндік ерекшеліктері ғылыми-теориялық тұрғыда негізделіп, тұжырымдалады.




Есқалиев С.А. Б. Сүлейменов және ұлт тарихының өзекті мәселелері: Монография / С.А. Есқалиев; Жалпы ред. Б.А.Ердембеков; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: «Жұбанов ун-ті» баспа бөлімі, 2019. - 240 б.

Бұл кітапта қазақтың көрнекті тарихшы-ғалымы Б.Сүлейменовтың өмірі, отандық тарих ғылымын дамытуға қосқан үлесі баяндалып, ғылыми мұралары тарих ғылымының бүгінгі жетістігі тұрғысынан талданады. Сондай-ақ осы еңбекте ғылыми айналымға Б.Сүлейменовтың тұлғасы мен ғылыми-шығармашылық қызметін жан-жақты ашып көрсететін жаңа деректер мен құжаттар енгізіліп отыр.



Ерғожин Е.Е. Жоғары молекулалық қосылыстар. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық / Ерғожин Е.Е., Құрманәлиев М.Қ. - Алматы, Альманахъ, 2019 . - 452 бет.

Оқулықта жоғары молекулалық қосылыстардың құрылысы, алыну жолдары, физика-химиялық қасиеттері және негізгі өкілдері қарастырылған. Полимерлерді өңдеу, пайдалану және бұзылу кезінде жүретін физика-химиялық процесстердің рөлі көрсетілген. Арнайы қасиеттерге иеленген полимерлер мен жоғары молекулалық қосылыстар ғылымындағы соңғы жетістіктер мен жаңа бағыттарға ерекше назар аударылған.



Абжанова Ш.А. Ет және ет өнімдерінің технологиясы: оқулық/ Ш.А.Абжанова, Д.К.Байболова, Н.Жүсіпова. – Алматы: «Бастау», 2019. – 240 б.

Оқулықта ет және ет өнімдерінің технологиясы, ассортименттері, өңдеу әдістері, тұжырымдамалары өндірістің маңызы, нарықтық экономикалық жақдайда ет өнімдерінің ерекшелігі қарастырылған. Ауыл шаруалық малдарын және құстарды сою технологиясы, малдан алынатын қосымша өнімдерді өңдеу, шұжық, тұздалған ет және басқа да ет өнімдерінің технологиясы сипатталған. Ет өнімдерін өңдеуге арналған қондырғыларға сипаттама берілген.




Құттықадам С. Ұлтқа қызмет ету: мемлекет басқарудың әлемдік 10 мысалы. - Алматы: «Издательство Книжный клуб», 2019. -472 с.

Бұл кітапта өз отанына жасаған игі істерін тек отандастары ғана емес, дүниежүзі қауымдастығы мойындаған үздік реформатор-мемлекет басшылары жайлы әңгімеленеді. Мемлекеттік және коммерциялық ұйымдардың жоғары және орта буын басшыларына арналған. Сондай-ақ, ол саясаттанушыларға, журналистерге, экономистерге, студенттер мен мемлекет басқару мәселелерін зерттеушілердің барлығына да қызықты.



Мамырбаева Ділдер. Сағыныш – сағым ғұмыр-ай: сұхбаттар /Ділдер Мамырбаева. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 128 б.

ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы және Жазушылар одағының мүшесі Ділдер Мамырбаеваның «Сағыныш – сағым ғұмыр-ай» атты бұл кітабына ғалым шәкіртінің, ақын, жазушы жарларының, олардың перзенттерінің сүйінішті жүрек құпиялары жайындағы ыстық сыр бөлісулері, естелікке айналған қимас сәттердің суреттері, сәулелі махаббаттың жан толқытқан шақтары жайындағы сұхбаттары, бірегей тұлғалардың жақындарының жарқын сәттері туралы айтқан естеліктері топтастырылған.



Кумисбаев Ш. Қылмыскер құтылмайды...: Шытырман оқиғалы шығармалар / Шакен Кумисбаев. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 280 б.

Бұл кітапқа белгілі жазушы Шакен Кумисбаевтің шытырман оқиғалы хикаяттары мен әңгімелері енді.

Әдеби көштен кеш қалып келе жатқан бұл жанрға, қазіргі қылмыс пен жемқорлық өрлеп тұрған шақта, автордың қалам тартуы көңілге қонарлық жай. Шығармалардың тілі шұрайлы, жатық, оқиғалары тосын, әрі қызықты.



Ысқақұлы Д. Мағжан – поэзия падишасы: монография / Дандай Ысқақұлы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 256 б.

Мағжан Жұмабаев – қазақ әдебиетін, оның ішінде ұлттық поэзияны түркілік, әлемдік деңгейге көтерген ұлы ақын. Елінің ертеңін ойлап, ойдан от болып жанған, сезімге оранып, жалынды жыр жазған Мағжанның өлең-жырлары, мұң-зары халқының жүрегіне нұр болып құйылып, ұлттық рухына айналды. Ұлыларды жасайтын оның тарихи тағдыры десек, ұлт рухынан жаралған Мағжанды ұлы қылған – ол өмір сүрген отаршылдық заманның «бұратана» халықтарды зар жылатқан тар қапасы. Кітапта Мағжанның ақындық тағдыры кеңестік кезеңнің шынайы шындығымен тығыз байланыста жан-жақты қарастырылады.




«Қазақстанның этностары». «Этносы Казахстана». Көркем безендірілген фотокітап. Қазақстан халқының қалыптасуы мен дамуына арналады. Кітап қазақ, орыс, ағылшын тілінде. - 319 б.




Алпартегі Ж. Тағлым: Мақалалар, эсселер, жолжазбалар, сұхбаттар. - Алматы: «Алтай медиа» баспасы, 2019. – 344б.

Белгілі журналистің бұл жинағы кеңес заманының ауыр жылдары болып саналатын 1937 жылдардағы ел басына түскен қуғындаумен қамау, Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің ерліктері және ұлттық өнерді асқақтатқан қобызшы мен күйші жайлы әңгіме қозғайды. Және де еліміздің тарихи мұраларын қастерлейтін қариялардың әңгімесі де кірген. Автордың қаламына арқау болған әр кейіпкерлердің өмірлері оқырмандарды қызықтырса, белгілі ғалымдармен болған сұхбаттары мен жолжазбалары әсерлі. Жинақ жас ұрпақ тәрбиесіндегі тағлымдық, танымдық көзқарастарына жақсы әсер қалдырады.



Қорқыт Ата кітабы (Дрезден нұсқасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігі). - Нұр-Сұлтан: «Күлтегін» баспасы. - 2020. - 752 б.

Бұл еңбекте түркі халықтарының ортақ әдеби жәдігері – «Қорқыт Ата кітабының» Дрезден қолжазбасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігі Қазақстанда тұңғыш рет жарияланып отыр.




Абылайханов Т.Т. Сыр сандық / Т.Т. Абылайханов. - Алматы: «Асыл сөз» баспасы, 2020. - 312 бет

Отан от басынан басталары ақиқат. Ата-ананы, туған халқын ардақтау, табиғатты аялау, шынайы махаббат жас ұрпаққа өнеге-үлгі, адамдықтың асқар шыңы, мәңгілік елдің алғы шарты. Репрессия құрбандары туралы шынайы шындықпен жазылған өлеңдер оқырмандарды тебіrentпеуі мүмкін емес. Адамдарды күпіршіліктен сақтауға, тәубадан жаңылмауға, адалдыққа шақыруда мәні зор. Өлеңдер қарапайым түсінікті тілмен жазылған.




Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Казахстан в годы Великой Отечественной войны. Kazakhstan in the years of the Great Patriotic War: Фотокітап / Жинақты құрастырғандар Измухамбетов Б.С., Тасбулатов А.Б. - Алматы: «Тау-Қайнар» ЖШС, 2020 ж. - 320 б.

Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығына арналған әсерлі, көркем, әрі мазмұнға бай кітап. Расочная и содержательная книга посвящена 75-летию Победы в Великой Отечественной войне, this colorful and informative book is dedicated to the 75th anniversary of Victory in the Great Patriotic War.



Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық / Құраст. М.Жолдасбеков, А.Бимырзаева, Р.Асанова. - Нұр-Сұлтан: «Күлтегін» баспасы.-Т.Х. Шешендік өнер. - 2020. - 320 б.

Қалың көпшілікке ұсынып отырған X томда сөз шеберлерінің балалық шағынан бастап, ержетіп, одан өмірінің соңғы шағы, яғни, жасы ұлғайған кезіне дейінгі айтылған шешендік сөздерін ретімен енгізуді басшылыққа алып отырмыз. Кейбір біршама еңбектерде би-шешендердің шешендік сөздерін бір шешенмен бірнеше рет сөз қағыстырған сәттерін бірге, я болмаса, шешендік сөздердің мазмұнына қарай: жер дауы, құн дауы, мал дауы, жесір дауы т.б. секілді дауларға қатысты шешендік сөздерді бірге топтастырған. Мәселен, Б.Қорқытовтың «Сырымның шешендік сөздері» еңбегінде Сырымның Малайсары бимен, Нұралы ханмен, Бөкен бимен т.б. сөз қағыстыруларын бірге топтастырған. Н.Әбутәлиевтің «Есентемір Бөкен би» жинағында жер, құн, мал, жесір дауларына қатысты шешендік сөздерді жинақтаған.



Елеукунов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы /Шериаздан Елеукунов. -Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020.-Т.7.- 384 б.

Көрнекті жазушы-ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Шериаздан Елеукуновтің көптомдық шығармалар жинағының 7-томы «Кітаптану негіздері» (1957) және «Қазақ кітабының тарихы» (1959) атты екі кітаптан тұрады.


«Кітаптану негіздері» – оқу құралы. Оқулықта кітап және кітап ісі ұғымы, кітаптану ғылымының құрылымы, тарихы, теориялық қағидалары қамтылған.

Филология ғылымдарының кандидаты Жұмақыз Шалғынбаевамен бірлесіп жазылған «Қазақ кітабының тарихы» оқулығында қазақ халқының және оның арғы түркі тегінің қолжазба кітаптары, қазақтың баспа кітабының 1917 жылға дейінгі сан ғасырлық тарихы, даму ерекшеліктері, баспасөз еркіндігі, цензура, кітап саудасы, таралымы, тағы басқа мәселелері сараланады.



Ахметов А.Қ. Әбілмәмбет хан әулеті. Хан-сұлтандар шежіресі: Зерттеу. Көптомдық» II-томы. - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020.- Т2.- 400 б.

Еңбек Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің ұрпақтарын түгендеп, олардың тағдырынан мәлімет береді. Қазақстан, Қытай, Моңғолия территориясына тараған бұл әулеттің қазақ үшін жасаған еңбектері өскелең ұрпаққа үлгі екеніне көз жеткізе аламыз. Хан мен сұлтандарды қазаққа жау етіп көрсетпек болған режимнің құрсауынан шығып, жақсымыздың жақсы жолдарын анықтап, текті ұрпақ тәрбиелеуге өзіндік бір үлес қосады деп сенелік.



Қожа-Ахмет Хасен Кәрімжанұлы (Теміржолды Қожа-Түрк)
Тарих туралы мақалалар. Тарих / Хасен Қожа-Түрк. - Алматы: «Білім», 2019. - 254 бет.

Белгілі қоғам қайраткері, саяси публицист, композитор Х.К.Қожа-Түрк (Қожа-Ахмет) «Ереуіл атқа ер салмай», «Зиялы кім, зиянды кім», «Қазақ әні қалай космополиттенді», «Ғасырларға жалғасқан жаңсақтық», «Орыс тілі көне түрк тілі ме?!», т.б. кітаптардың авторы. Ол 1970-1977 жылдар аралығында КСРО үкіметінің халыққа насихаттаған ресми тарихына өз пікірін айтып «Одақ па, әлде отар ма?», «Ұлттарды ассимиляциялау кімдерге қажет», «Ұлт мәселесінің тарихи шешімі», т.б. мақалалар жазып таратқан. Бұл еңбектерінде ол КСРО-ның тоталитарлық-отаршыл жүйесін сынап, әшкерелеген. Саяси әрекеттері үшін 1970-1990 жылдар аралығында үш рет жазаға ұшырап, есімі 1977 жылы «Әлемдік саяси тұтқындардың Хельсинки тізіміне» жазылды.

«Тарих туралы мақалалар» жинағында Х. Қожа-Ахмет бүгінгі қазақ, татар, өзбек, қырғыз, ноғай, халықтарының ата-бабалары – шығыс түрктері туралы Ресей тарихшылары И.Бичурин, А.Бернштам, Л.Гумилев, т.б. еңбектеріне, сондай-ақ Қазақ хандығы кезеңіндегі тарихқа сын тұрғысынан қарап, ілгеріде қалыптасқан пікірлерге және жұмбақ болып келген мәселелерге өз пайымын айтады.




Кенебай Ж.А. Аягөз. Тарихи роман. Жұмаш Кенебай. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 576 бет.

«Аягөз» тарихи романы – арада 30 жылдан астам уақыт өткеннен кейін көп кедергілерге қарамастан жарық көріп отырған қаламгердің үшінші кітабы.

Романдағы алуан түрлі шытырман оқиғалар, XX ғасыр басындағы Қазақ еліндегі тарихи өзгерістер, ақ пен қызыл қырғыны, ашаршылық, ақ пен қызыл абақтыларындағы адам төзгісіз азаптаулар, шолақ белсенділер сатқындығы, т.б. оқиғалар романның бас кейіпкерлері: Садық Кенебайұлы, Ахмет Жұматайұлы, «Алаш» серкелері Ахаң мен Жақан, Жүсіпбек және Шәкәрім сынды ұлы тұлғалар төңірегінде өрбиді.


Романның жас ұрпақ бойына туған ұлтын қалай сүю керектігін нанымды оқиғалар арқылы баяндауы оқырманын бей-жай қалдырмасы даусыз. Биыл 175 жылдығы аталып өтіп жатқан данышпан Абай айтқандай: «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер» бұл роман кез келген оқырманын бірден өзіне баурап аларына сенімдіміз.



Әлімжанов Б. Көкжиек алда / Өлең, жыр, поэмалар / Баянғали Әлімжанов. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 368 бет.


Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, жазушы, драматург, жыршы, манасшы Баянғали Әлімжановтың «Көкжиек алда» атты жыр кітабына кейінгі жылдары жазылған жаңа өлеңдері, поэмалары, жыр-толғаулары мен қысқа қайырымдары топтастырылған.

Бүгін мен кешегінің сырын шертетін, тақырыбы сан алуан, жазылу мәнері ерекше, тартымды, көркем жырлар поэзия сүйер қауымның көңіліне қозғау салып, ойландырады деп білеміз. Жігерлі, өмір сүйгіш өлеңдер оқыған жанның ізгі сезімдерін оятып, рухын көтереді, келешекке деген сенімін нығайта түседі.



Әлия Бөпежанова. Сахна сәулесі. Театр туралы мақалалар. Эсселер. Портреттер.- «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2020, 480 бет.

Белгілі сыншы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Әлия Бөпежанованың «Сахна сәулесі» атты жаңа кітабында – ұлттық театрымыздың көрнекті тұлғалары мен таланттарының өнер жолы қарастырылып-талданады. Тәуелсіздік кезеңі театрындағы көркемдік ізденіс жолдары қоғамдық даму, ұлттық рухани жаңару, әлемдік кеністікке шығу үдерістерімен тығыз байланыста зерделенеді. Кітапқа сыншының көрнекті режиссер, актерлермен жасаған өте мазмұнды да қызғылықты сұхбаттары да енгізілген.



Жайлыбай Ғ. Ай сынығы. Өлеңдер, поэмалар / Ғалым Жайлыбай. - Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 168 бет.

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Абай атындағы Ұлт сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар ұйымының, Сергей Есенин атындағы алтын медалінің иегері Ғалым Жайлыбайдың «Ай сынығы» атты жаңа жинағына соңғы жылдары жазған таңдаулы туындылары енгізілген.


Ақ пен қараның, қараңғы мен жарықтың мәңгілік тайталасы – ақын жырларының негізгі өзегі. Өмір суреттерін өзінше көріп, ашық бояумен елестететін Ғалым туындыларының ерекшелігі – оның тілінде, бейнелік сипатында.



Кәрімхан 3. Дүние шыр айналса... Тарихи-танымдық мақалалар, репортаждар және сұхбаттар. - Алматы: «Алматы Болашақ» АҚ, 2020. - 208 бет.

Кітаптың мұқабасын жасаған - суретші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Алмас Сырғабай.

Бұл кітапқа журналист-зерттеуші, Алаштанушы Заңғар Кәрімханның туған жер, тарих, Алаш тақырыбындағы толғамдары мен белгілі руханият өкілдерімен әңгімелескен сырлы сұхбаттары топтастырылған.



Ахметұлы Д. Бүлдірген қалың шыққан: Хикаяттар, әңгімелер, мысалдар, ертегілер / Дәнеш Ахметұлы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 180 б.

Дәнеш Ахметұлы есімі әдеби ортаға бұрыннан таныс. Оның әр жылдары жарық көрген «Адал ас», «Нан мен тұз», «Ұшатын сандықша», «Шапағат шұғыласы», «Қыран жанарындағы ғұмыр», «Райымбек батыр», «Өшпейтін оттың жарығы», «Дәнеш ағайдың ертегілері» т.б. кітаптары өз оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген.

Жазушының «Бүлдірген қалың шыққан» деп аталатын бұл жинағында бүгінгі бала тірлігінің әр қилы жақтары сөз болады. Баланың жан дүниесі, өмірге деген көзқарасы түрлі сипатта көрініс береді. «Ақдидар» хикаяты балалар мен жас өспірімдерге арналған халықаралық жабық «Дарабоз - 2013» бәйгесінде жүлде алған.



Қуантаев Н.Қ. Бейуақ / роман, әңгімелер, аудармалар / Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 192 бет.

«Бейуақ» - 1986 жылғы желтоқсандағы ұлттық бұлқынысты аяусыз басып-жаншыған қорқау қоғамда орын алған өмір шындығын суреттеген, тартысты, әсерлі туынды.


Роман – кешегі Желтоқсанда намысын биік сақтап, бостандыққа шыққан соң да өз еліне ол туралы арыз айтпай, перзенттік борышын бұлдамай, үнсіз ғана өмір сүріп жатқан қарапайым ерлерге тұрғызылған ескерткіш іспетті.

Роман қоғамдық өмірімізге жегі құрттай енген жалғандық ұлтымызды сорға бастайтынын оқырманға парасат биігінен ескертіп, алаштың болашағы даурықпа ұран емес, кісілік пен мейірімнің жылы шуағында екенін меңзейді.



Қайымова Б. Қазақстан халықтарының ертегілері: (Ұйғыр, Дұнған, Әзірбайжан, Белорус, Шешен-Ингуш, Украин) / (Құрастырып, орыс тілінен тәржімалаған Бибисара Қайымова). - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 260 б.


Ертегі – қандай да бір халық ауыз әдебиетінің аса шұрайлы, тәлім-тәрбиелік маңызы орасан зор, өскелең ұрпақты өз елі мен ұлтының тарих-тағлымы, салт-санасы, дәстүр-ұлағатына етене жақын баурай түсетін ерекше жанр. Егеменді елімізде бір ананың егіз емген балапандарындай өркендеп өсіп келе жатқан әрбір ұлт пен ұлыстың өскелең ұрпақтары да өзара етене жақын өсулері үшін осы бір тәлімді тәмсілдерден сусындап, бір-бірінің тарихы мен тағлымын, салты мен дәстүрін осы ертегілерден оқып, тұшына білгені абзал.



Айтұлы Н. Таңдамалы. Өлеңдер мен поэмалар.- Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. - 480 б.

Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлының 70 жасқа толуына орай жарық көрген таңдамалы жинағы өмірі өлеңмен бірге өрілген ақын ғұмырының куәсіндей сыр шертеді.


Тереңдік, көркемдік, шешендік, нәзіктік – жинаққа енген шығармалардың басты сипаты.



Негимов С. Шығармалары. Бес томдық. Т.3: Қазақтың сал-серілері. Монография. Зерттеу мақалалар, эсселер және ой-толғаныстар / Негимов,Серік. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. - 400 б.


Аталмыш томда ұлт мәдениеті, сөз өнері тарихындағы сан алуан өнерді бір басына тоғыстырған яғни ақындықты, әншілікті, композиторлықты, театрлық-драмалық қасиеттерді, импровизаторлықты, ойыншылықты, шешендікті шебер де мінсіз меңгерген Біржан сал, Сегіз сері, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Орынбай, Арыстанбай, Доскей, Шашубай, Естай, Құлтума, Қанапия, Тайжан, Ғазиз, Қалқа, Шөкен, Болман, Майасар, Кенішбай, Шөкен, Иса тәрізді өнер шамшырақтарының шығармашылығы тарихи-мәдени, әдеби деректер негізінде әңгімеленеді.

Ұлт әдебиеті тарихындағы сөз шеберлерінің ғылыми-шығармашылық еңбегі, тіл мәдениеті, көркемдік ойлау жүйесі, ұлттық рух пен сана, ұлттық-рухани құндылықтары Тәуелсіздік идеясы тұрғысынан көрсетіліп баяндалады.



Құлыяс Табыл. Таңдамалы. Бес томдық / Т. Құлыяс. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.-Т.4. Құйындатқан өмір-ай... - 572 б.

Қазақстан Тұңғыш Президенті сыйлығының иегері, ҚР мәдениет қайраткері, Б. Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың иегері, Ойыл ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар одағы және Журналистер одағының мүшесі, сатирик- жазушы Табыл Құлыяс Ресейдің оннан астам қалалары мен Башқұртсан, Татарстан қалаларындағы мұрағаттарды зерттеп, қазақ халқының аштан қырылу деректері және қуғын-сүргінге байланысты біраз құжаттарды жинап, өзінің шығармаларына арқау еткен. Автордың жазу ерекшелігі, роман-повестерін тақырыпшаларға бөліп, оқырмандарын жалықтырмай, жеңіл оқылуына мүмкіндік береді.




Төлеутай Е. Үкілі Ыбырай / Ерлан Төлеутай. - Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2020. - 272 бет.

Өнертанушы, киногер, әнші Ерлан Төлеутайдың бұл кітабында ұлы композитор Үкілі Ыбырайдың өнегелі өмірі мен тағылымды өнер жолы жайында егжей-тежейлі баяндалады. Шығармада ұлы әншінің өмір жолы тұтас қамтыла зерттелген, сондай-ақ композитордың барлық әндерінің шығу тарихы нақты айғақтарға сүйене отырып, ғылыми негізде сарапталған. Зерттеуші бұл еңбегінде Үкілі Ыбырай туралы хатқа түскен барлық деректерді мұқият саралап, өнертану ғылымы тұрғысынан тың пайымдар, соны тұжырымдар жасаған және әншінің бізге жеткен мұрасының барлығын осы еңбегіне жинастыра топтастырып, нота жазбалары бойынша жүйелеген.




Мелдешов Ғ. Журналист жолға шықты / Ғалымжан Мелдешов. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 192 б.

Өмірінің едәуір бөлігін журналистика саласына арнаған автор өзінің азды-көпті тәжірибесін ортаға салады.



Байсеркеұлы М. Сахна сырғы / Маман Байсеркеұлы. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 368 б.

Бұл кітапта Қазақстанның халық артисі, көрнекті театр режиссері, профессор Маман Байсеркеұлының спектакльдері туралы мақалалар, шығармашылық кескіндемелер, сұхбаттар және режиссердің театр туралы толғамдары мен оның қаламынан туған пьесалар еніп отыр. Жинаққа топтастырылған материалдардың мағынасына қарай кітап «Театр саңлағы», «Сұхбаттар сыр шертеді», «Театр туралы толғамдар» және «Пьесалар» атты төрт бөлімге бөлінген.




Жанапиянова Ж. Жан мен Ар. Әңгімелер жинағы / Жанар Жанапиянова.
- Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 192 бет.

Бұл – талай жыл ел журналистикасына, баспа ісінде өндіре жұмыс істеген қаламгердің бірінші кітабы.

Кітап кейіпкерлері мына құмырсқа тірлікте күнде алдыңнан кездесетін үздіксіз ағып жатқан өмір-өзенде бір-біріне ұқсамайтын өз тіршілігімен күн кешіп жүрген белгілі, белгісіз жандар. Жалпы әңгімелер жинағының «Жан мен Ар» деп аталуы да тегін емес. Өйткені адамның өмір жолы да осы екі ұғымнан тұрады.

Автордың ерекшелігі, қысқа да нұсқа жазатыны. Мұндай қысқалық ақпарат ағыны басым бүгінгі заманда оқырманға ұнайды деген ойдамыз.



Қайырбеков Ә. Ғұмырдария /Балладалар кітабы / Әділғазы Қайырбеков.
- Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. - 176 бет.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Әділғазы Қайырбековтің «Ғұмырдария» кітабы «Балалық шақ балладалары» және «Базарлы шақ балладалары» атты екі бөлімнен тұрады.

Қазақ поэзиясында шағын оқиғалы өлеңдердің табиғаты өзгеше. Кенжелеу дамып келе жатса да шағын оқиғалы өлеңдер оқырмандарын тез баурайды, автор кейде болған оқиғаны ықшам баяндай отырып, тосын көркемдік шешім жасайды, өзгеше бір әлемге жетелейді. Балладаларға көбінде оқиға мен сюжет арқылы ашылатын драмалық қақтығыстар, ойдағы, санадағы, іс-әрекеттегі қайшылықтар негізгі арқау болса да, өлеңнің бейнелі табиғаты ақын шеберлігіне, оның поэтикалық ойлау қуатына, иланымды көркемдік шешіміне қатысты бағаланады.


Бұл жыр кітабындағы балладалар оқырманның сағынышын қозғайды, аңсарын оятады, қиялына қанат бітіреді, шынайы бояуларымен баурайды.



С.Ә.Сарыбай

Аманат: әңгіме, хикаят, аңыздар, деректі мақалалар. Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, Алматы қаласы. 2020 жыл. 192 бет.

Бұл кітапта Серік Әбікенұлының әңгімелері, 1916-32 жылдар аралығында коммунистік жүйеге қарсы күрескені үшін «банды» атанған қазақ батырлары жайлы хикаялары, олар туралы жазған деректі мақалалары, зерттеулері жинақталған. «Аманат» – өткеннің шері, бүгінгінің мұңы мен болмысын қозғайтын кітап.



Менің сатып алған күйеуім: (Әлем жазушыларының таңдаулы прозасы) / Аударған: Шамахайұлы Қ. Көркем аударма. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 304 б.

Жинақта АҚШ, Жапония, Колумбия, Канада, Швейцария, Қытай, Ресей жазушыларының шығармалары ұсынылып отыр. Ішінара Альфрейд Нобель атындағы әдебиет сыйлығын әр жылдарда алған жазушылардың таңдаулы әңгімелерінен де арнайы енгізілді.

Мұндағы санаулы ғана туынды аталмыш елдердің бүкіл әдебиетінің бет-бейнесін толық айғақтамаса да, «теңіздің дәмін тамшысынан» аңғаруға болады. Сондықтан да, талғамы биік қазақ оқырмандарын баурап аларына, жүректерінен жол табарына сенімдіміз. Аударманың тілі шұрайлы әрі тартымды.



Яшүкірқызы Ө. Жіп тұзақ: Детективті әңгімелер жинағы / Өріс Яшүкірқызы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 208 б.


Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Өріс Яшүкірқызы бірнеше кітаптың авторы. Жазушының адалдық пен әділдікті, ізгілік пен бауырмалдылықты, шынайы сүйіспеншілік пен махаббатты, батылдық пен тапқырлықты арқау еткен «Боямасыз өмір», «Шенеунікше тактика», «Ескі қоныстағы ел» тағы да басқа бірнеше көркем әдебиеттері оқырмандар көңілінен шығып, орыс тіліне де аударылды.

Ұсынылып отырған бұл детективті жинақ тұтасымен қазақ қыздарының қылмыстары туралы. Нәзік жан иелерінің тұрмыстық жағдайлардағы, қызметтегі ары мен намысына жасалатын әртүрлі үстемдіктер, олардың ерікті және еріксіз түрде қылмыстық іске баруға мәжібүрліктері шытырман оқиғалармен шынайы суреттеледі.



Мәжитов М. Бәйшешек жапырағы. Әңгімелер /Марат Мәжитов. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 296 б.

Жазушының бұл кітабына негізінен тәуелсіздік жылдарда жазылған әңгімелері топтастырылған. Жинақтағы әңгімелердің түр-мазмұны ауыл өмірін, ауылдағы адамдардың еңбек сипаты мен бүгінгі-кешегі күндердегі жасампаздықты суреттеуде жазушы ерекше тың әдістерді қолданады. Тіл шеберлігі, оқиғаны құрастырудағы нанымды көріністер оқырманды бей-жай қалдырмай, өрнекті де, өміршеңдікке ұмтылдырады. Сөйтіп, әңгіме жанрының өрістеуіне өз үлесін қосады. Шығарманың өнбойында адамдардың өзара түсіністіктігі, қимыл-қозғалысы, тіршілік-тынысы айқын да, анық көрсетіледі.



Қазақтың Қалдарбегі / Құраст.: Бақыт Сарбалаұлы. - Алматы: «ARNA-V» баспасы, 2020. - 368 бет.


Қазақтың көрнекті қаламгері һәм қоғам қайраткері Қалдарбек Найманбаев Қылмыскер құтылмайды...: өнегелі өмір сүрген Адам, Азамат. Туған әдебиетіміздің қазынасын толықтырған прозалық шығармалары оқырман жүрегіне жарқын жол тартса, Қазақстан Жазушылар одағын бірнеше жыл басқаруымен, өмірінің соңғы күндеріне дейін Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығына жақсы жетекшілік жасауымен атажұрттағы алашпен бірге алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыздың көңіл төрінен табыла білді. Сырттағы қазақтардың тарихи Отанымен тығыз қарым-қатынас орнатып, оралуына үлкен үлес қосты.

Бұл жинақта қазақтың белгілі тұлғалары мен қаламдас, замандастарының Қалдарбек Найманбаев туралы жүрекжарды естеліктері, мақалалары мен эсселері топтастырылған.



Қонысбай Ә. Жадымдағы жазбалар / Әбіл Қонысбай. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 232 б.

Белгілі айтыс ақыны Қонысбай Әбілдің бұл кітабы өзі көрген, бастан кешкен өмір тағылымдарын өзек еткен. Оқырманды бірден баурап алып, соңына дейін бас көтертпейді десек, артық айтқандық емес.




Смайыл Қ. Аралбай батыр - Таңсұлу Ана: роман / Қалкен Смайыл. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 368 б.

Қалкен Смайылдың халық жадында сақталған тарихи деректер негізінде өлеңмен жазылған «Аралбай батыр – Таңсұлу Ана» атты романы мен прозалық нұсқасында қазақ-қалмақ соғысының қаһарман баһадүрі Арғын Алтай Аралбай батыр Әлібекұлының ерлігі мен оның жары, ел басына қаралы күн туған зобалаң заманда парасатты ұйымдастырушылық қабілетімен ел-жұртының ынтымағы мен ырысының ұйытқысы болған.


Тұтас бір дәуірді қамтыған романның тарихи шынайы желісі қазақ халқының XVIII ғасырда басынан кешкен әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінен, ішкі-сыртқы саяси жағдайынан тың мағұлматтар береді.

Шығарманың барлық кейіпкерлері өмірде болған, бәрі де өз есімдерімен аталады. Аралбай батыр Әлібекұлы, Сайдалы Аталық Ер Нияз, тарақты Байғозы, Бәйтелі Аралбайұлы, кара тоқа Күшікбай, Нұржан шолақ батырлар, Байдалы би Бекшеұлы, Байтоқа би Аралбайұлы, Ақтайлақ би Мөңкеұлы, әрі батыр, әрі би, әйгілі қас шебер Сармантай Әлібекұлы – елінің бостандығы, жерінің бүтіндігі, Қазақ хандығының мемлекеттігі үшін жан аямай күрескен белгілі тарихи тұлғалар.




Жұмат-Әлмашұлы, Ж. Қазаққа айттым, қайтемін... (Ой-баян, хат-баян, өнер-баян) / Жолтай Жұмат-Әлмашұлы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. - 464 б.

Кітапта Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі қаламгердің ел тәуелсіздігі жылдарында қағазға түсірген жазбалары топтастырылған. Автор ұлттың ұлы ұстыны болып саналатын – тарих, дәстүр, тіл һәм өнер-білім жайында ой толғап, соны пікірлер білдірген.




Эпоха аль-Фараби и диалог цивилизаций (взгляды на жизнь и философское наследие) / Гл. ред. Г.М. Мутанов; авт. колл.: А.Касымжанов, Б.Гафуров, А. Дербисали, Ж. Алтаев, Г. Муканова, Ж. Иманбаева. - Алматы: «Қазақ университеті», 2020. - 368 с.

Данное издание посвящено 1150-летию Абу Насра аль-Фараби - Великого Учителя, уроженца г. Отрара, видного представителя классической средневековой исламской философии. В книге суммируются сведения о философских взглядах Учителя, при жизни названного Аристотелем Востока, его последователях и вехах возвращения на Родину богатейшего наследия философа. Особенности эпохи становления пути Мыслителя, его универсальные взгляды на жизнь и вклад Гения в развитие мировой и степной цивилизации, вклад в прогресс образования и науки - гарантия преемственности Учения аль-Фараби и нравственных канонов добродетельности в современном мире.



Научное наследие аль-Фараби (комментарии к трудам) / Гл. ред. Г.М. Мутанов; авт. колл.: Г.К. Курмангалиева, Н.Л. Сейтахметова, А.Х. Бижанов и др. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 274 с.

Данное издание посвящается 1150-летнему юбилею великого мыслителя, ученого с мировым именем Абу Насра аль-Фараби. В книге раскрывается интеллектуальное содержание трактатов великого ученого Абу Насра аль-Фараби, их логико-конструктивная и онтологическая взаимосвязь. С объективных исторических позиций репрезентируются научная и философская парадигмы мыслителя как новое интеллектуальное открытие мира в эпоху Средневековья. Обосновывается значение комментирования, осуществленного аль-Фараби, как диалогового приращенного и взаимодополняющего знания, которое открывает перспективу для понимания и продуцирования новых идей в науке и философии.



Влияние среды, культуры и духовности на воспитание молодежи. Просвещение и прогресс в развитии общества (по трудам Абая Кунанбаева); [Сост.: Л. Мусалы]. - М.: Амрита-Русь, ИД Шалвы Амонашвили, 2020. - 144 с.

В тринадцатый по счету сборник Антологии гуманной педагогики вошли труды великого казахского поэта и просветителя Абая Кунанбаева (1845-1904) с комментариями доктора филологических наук А. Ж. Жаксылыкова.


Влияние А. Кунанбаева на культуру казахского народа колоссально: он дал мощный толчок развитию казахской литературы и стал ее первым классиком, способствуя сближению культур Казахстана и России.

Мысли А. Кунанбаева о воспитании подрастающего поколения и ценные педагогические идеи, родившиеся в горниле борьбы за новое и прогрессивное, не утратили актуальности до сих пор.

Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII - первая треть XIX вв. / Составители Хафизова К.Ш., Моисеев В.А. / Второе издание (исправлено и дополнено). Ответ. редактор Хафизова К.Ш. - Нур-Султан, 2020. - 344 с.


В настоящий сборник включены документы и материалы в переводе с китайского, тюркских и на русском языках по истории дипломатических и политических отношений казахских владетелей с Цинским Китаем со второй половины XVIII по 30-е годы XIX в., отражающие события, связанные с установлением первых непосредственных контактов степных правителей с Цинами вплоть до окончательного вхождения Казахстана в состав Российской империи. В отечественной историографии приводимые оригиналы документов (в переводе) впервые были опубликованы небольшим тиражом в 1989 году грифом «Для служебного пользования». Сборник подготовили К.Ш. Хафизова и В.А. Моисеев, ответственным редактором был назначен член-корреспондент Академии наук Казахской ССР Р.Б. Сулейменов.





Саки К. Юрта на вершине пирамиды / К. Саки. - Нур-Султан: Фолиант, 2020. - 160 с.

Книга состоит из научно-популярных глав, повествующих о различных аспектах деятельности кипчаков-мамлюков Египта, попавших в эти страны в качестве невольников, но сумевших во главе с легендарным Байбарсом создать одно из могущественных тюркских государств в колыбели мировых цивилизаций и религий.



Жүністегі К. Великий сын степи Едиге / Кәмел Жүністегі. Перевод с казахского Данияра Рашиди. - Алматы: ТОО РПИК «Дәуір», 2020. - 280 с.

Роман посвящен легендарному казахскому батыру Едиге, ставшему из рядового воина Улу-бием - правителем Золотой Орды.

Герои книги Амир Тимур, Токтамыс, Жалаладдин, князь Витовт, Дмитрий - исторические личности, проживавшие во времена Золотой Орды. Такое легендарное событие, как сражение на реке Ворскле между войском Великого княжества Литовского и его русскими, польскими и немецкими союзниками, с одной стороны, и народным ополчением Золотой Орды во главе с Едиге - с другой, впервые реалистически описано автором романа.

Легендарный Едиге-батыр там, где вершится судьба Золотой Орды, где над мечтой народа сгущаются грозные тучи.

Свой голос. Памяти журналиста: сборник статей, интервью и воспоминаний. - Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2020. - 248 с.

В книге Памяти журналиста Юрия Кириница - лишь малая часть его творческого наследия. Эти интервью, очерки, статьи в разные годы публиковались в различных изданиях, где он работал в течение своей полувековой трудовой биографии.


Газета, как известно, живёт один день. Минуют даты, устаревают события. Герои публикаций меняют службу, место жительства, уходят из жизни. Но кто сказал, что момент, схваченный журналистским пером, также недолговечен? Не только «рукописи не горят», газетные строчки, однажды родившись, продолжают лететь по таинственным и надёжным орбитам нашей памяти.

В этой книге, словно за одним столом, собрались многолетние друзья и коллеги Юрия Ивановича. Среди них - Анатолий Строев, президент Международного клуба собственных корреспондентов «Комсомольской правды», Валерий Жандаулетов, вице-президент Академии журналистики РК, университетские однокашники Валерий Володченко, российский писатель и поэт, и Александр Головинский, известный казахстанский режиссёр-документалист. Валерий Любич, искромётный мастер шаржа, компьютерный гений, беззаветно помогавший выпускать газету «Весь мир», ушедший из жизни на четыре года раньше её редактора... А веселые свои стихи и Александр, и он посвятили 60-летию Юрия Ивановича, последней, как оказалось, «круглой» дате его земного бытия.

Не говори с тоской: их нет, но с благодарностью: были, - повторим мы вслед за поэтом. Тем более что есть те, кто и, уходя, навсегда остаются с нами.


Для Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан Ю. И. Кириница навсегда останется «Часовым временем». В своей книге, посвящённой 20-летию Института, он написал: «Откладывая все свои дела, я спешу на свой пост за круглым столом в большом актовом зале КИСИ - под часами, которые отсчитывают часы и минуты нашей такой непростой, порой чертовски трудной, но безумно интересной эпохи...».






Лаумулин М.Т. Центральная Азия в эпоху трансформации. - Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2020. - 464 с.

Со второй половины 2010-х годов практически во всех государствах Центральной Азии происходят серьезные внутривнутриполитические изменения, связанные со сменой глав государств - в Узбекистане, Кыргызстане и Казахстане, переориентировкой курса - в Таджикистане и Туркменистане. Описываемый в книге период носит крайне сложный и противоречивый характер. Центральная Азия движется в том направлении, которое подразумевает, что в регионе происходит крупный геополитический сдвиг, результатом которого станет ослабление связей с евро-атлантическим сообществом и усиление влияния и значения Китая. Есть большая вероятность, что в обозримом будущем главными партнерами стран Центральной Азии в сферах политики, экономики и безопасности станут Пекин и Москва.



Якутско-русский и казахско-русский словарь многозначных фразеологических единиц: отв. ред. С.М. Прокопьева. - Якутск: Издательский дом Алаас, 2019. - 144 с.

Данный «Якутско-русский и казахско-русский словарь многозначных фразеологических единиц» раскрывает богатую образную палитру семантики многозначных фразеологических единиц якутского и казахского языков.



ULTTYQ KEÑES: Хроника. Особенности. Результаты / Под ред. Шаукеновой З.К. - Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2020.-212 с.


Данное издание посвящено деятельности Национального совета общественного доверия, созданного по инициативе Президента Республики Казахстан К.К. Токаева.

В работе представлен мировой опыт становления и институционализации диалога государства и общества, ретроспективный анализ деятельности различных консультационно-совещательных органов в Казахстане, хронологический порядок создания Национального совета общественного доверия при Президенте РК. Рассмотрены состав, повестка заседаний, инициативы, пакет предлагаемых реформ в рамках работы Национального совета общественного доверия при Президенте РК.



Османов Ж. Д. Диверсификация экспорта продукции АПК РК: оценка потенциала и направление / Ж. Д. Османов. - Алматы: Service Press. 2020.-72 с.

В брошюре рассматривается экспорт продукции Агропромышленного комплекса, который приобретает все большее значение и становится одним из приоритетов экономической политики. Основу мирового экспорта составляет продукция Агропромышленного комплекса, где опыт ведущих стран и крупнейших корпораций показывает, что без развития экспорта продукции Агропромышленного комплекса невозможна ее полноценная интеграция в мировое экономическое пространство и эффективное развитие страны.



Диаров М.Д. «Чудо природы» Индерское озеро самосадочной поваренной соли и его окрестности. - Атырау, 2020. - с.253.


Индерское соляное озеро самосадочной поваренной соли привлекало внимание ученых, путешественников начиная с XVII века. Академик П.С.Паласс назвал его «чудом природы». Площадь составляет 123000000м², максимальная мощность 56,2м. Озерное образование состоит из новосадки, старосадки, сыпучки, гранатки и каратуза.

Соляная масса пропитана межкристальной рапой в объеме около 1 млрд.м³.

В составе межкристальной рапы озера Индер имеются бор, калий, магний, бром, литий, рубидий, цезий и йод.

Самосадочная озерная поваренная соль имеет большое практическое значение.

К северному берегу примыкает Индерское солянокупольное поднятие со своими литологическими, морфологическими и ландшафтными особенностями.



Каракулов Б.И. Музыкальная симметрология / Под ред. И.К. Кожобекова. - Алматы: «СаГа», 2020. - 288 с.

В первый том книги замечательного ученого - доктора искусствоведения, профессора Булата Ишанбаевича Каракулова (1942-2014) - вошли монография «Теория групп и музыкальные структуры» и избранные статьи. Каждая из этих научных работ - есть прорыв, шаг в неизведанное, и, как отмечает составитель книги Ильяс Кененбаевич Кожобеков, «в каждой из них открываются новые грани симметрии в музыке, а вместе они создают развернутую ее панораму», завораживающую панораму гармонии всего сущего вокруг нас.

Диаров М.Д.

Разгаданная загадка «Фундаментальные основы накопления и образования промышленных месторождений бора совместно с калийными солями солеродного бассейна». - Атырау, 2020. – 189 с.

В работе впервые приведены ранее неизвестные науке закономерности образования борных оруденений в борно-калийных солях Центральной калийно-борной провинции Прикаспийской впадины. Даны геохимические особенности бора. И освещены первоисточники бора в осадочных толщах.

Обоснованы новые неизвестные науке открытия «Фундаментальные основы накопления и образования промышленных месторождений бора совместно с калийными солями солеродного бассейна»

Промышленное месторождение бора совместно с калийными солями образуется в солеродном бассейне при нахождении окиси бора одновременно в строгих эквивалентных соотношениях с солью кальция (CaSO_4) и солями магния ($\text{MgSO}_4 + \text{MgCl}_2$). (Закон треугольника).

Первичным борным соединением, поступившим в солеродный бассейн в кунгурское время нижней перми является сульфид бора $2\text{B}^2\text{S}^3$.

Установлены некоторые закономерности распределения борных и калийно-магниевых минералов в борных оруденениях.

Даны перспективы открытия новых промышленных месторождений бора совместно с калийными солями древних солеродных бассейнах Земного шара.

